

А 2010
21814к



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

ЖАҚАУ
ДӘУРЕНБЕКОВ



АТА ЖҰРТ







“MADENI MURA”
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYŇ KİTAP SERIYALARY
KAZAKSTAN RESPUBLIKASYNYŇ
TUNĜYSH PREZIDENTI NURSULTAN NAZARBAEVTYŇ
BASTAMASY BOYYNŞA ŞYĜARYLDY

*Біз өзіміздің аргы-бергi
ата-бабаларымыздың жүздеген
буынының қалдырған өсиетін ақтап,
мұраларын сақтап, молайта беру
жолында топтасуға тиіспіз.*

Н.Ә. Назарбаев

Редакция алқасы

Бердібаев Р., төраға

Алматов А.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момынбаев Б.

Оразбай И.

Оспан С.

Пірназар С.

Рахымбекұлы Ә.

Сейсекеева К.

А 2010/21814к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЖАҚАУ
ДӘУРЕНБЕКОВ



АТА ЖҰРТ

ХИКАЯ-ӘНГІМЕЛЕР ЖӘНЕ ПОВЕСТЕР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122 – 3

~~ББК 84 Қаз 7-44~~

Д 22

Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

Ж. Сәдуақасұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ә. Рахымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Д 22 Дәуренбеков Жақау.

Ата жұрт: Хикая-әңгімелер және повестер/ Жақау Дәуренбеков.
– Астана: Фолиант, 2009. – 368 б.

ISBN 9965-35-834-6

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған бұл жинаққа белгілі қаламгер Жақау Дәуренбековтің әр жылдары жазылған көркем туындылары – хикаялары мен әңгімелері, повестері топтастырылған.


Әрбір туындыдағы кейіпкерлердің күрделі де қарапайым тағдырлары, олардың тіршіліктің тарабында өткерген өмір кешулері мен жан дүние иірімдері көркем суреттеледі.

Тақырыбының әр алуандығымен ерекшеленетін туындылардың оқиғалары тартымды, тілі көркем болып келеді.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

Д 4702250201
00 (05) 09


УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44



© Дәуренбеков Жақау. 2009



ХИКАЯ-ӘНГІМЕЛЕР



КӨКЖАЛ

Шау тартқан батыр ұзын шекпенін желең жамылып, жа-лаңбас күйі жеңіл басып сыртқа шыққанда еңкейген күннің етегі қызылға малынып, қырдан бермен жақтың жота-жонда-ры күренденіп, жалқын сәулеге бөленіп жатқан шақ еді. Күн-делікті аяңдап басып, асықпай басына шығып, төңірегіннің оң мен солын ойға шомған кейіппен жаймен шолып, жайлы кө-ңілмен кең тыныстай демалып отыратын бозтөбесі әр қарай-ғанның түбінен баспалай бой ұзарта бастаған кешқұрымның жұмсақ көлеңкесінен бұғынып аласара түскендей боп көрінді. Аппақ боп жататын етектегі ақ қиыршық құмдауыт алаңқай да бөктерлей қаулаған бидайық аралас селдірбас ақселеудің ұзын сабақтарынан түскен көлеңкемен бүркеніп қоңырқай тар-тыпты. Төбе жақтан ақырындап болса да ауық-ауық самал лебінің есетінін аңдатып, шөп бастары әнтек қозғалып, тең-селіп-теңселіп қалады.

Төбе басының кешқұрымғы ауасы жанды желшіп, тынысқа рәт, көңілге жайлылық әкеледі. Осы төңіректің биігі болғасын ба, әлде оңашалығынан ба, салдана беретін тұла бойы сергіп, көңілдегі кірбің атаулының бәрі етекте қалғандай сезіліп, пе-шенесіне жазылған пенделік тірлігінің қыр соңынан қалмай қойған күйбелеңінен шыға алмай мазасыздана беретін ойы да сабасына түсіп суып, бір сәт бәйек жаны байыз тапқандай бола-ды. Осылай төбе басына қойылған тас мүсіндей мелшиіп, тап-жылмай отыра беруге бейіл.

Бірақ пенденің қос жанарының қанағаты тойымсыз ғой, тінтініп жарық дүниеге жақаурай қарауынан жазбайды. Қима-сы қалып, үмітін күтінгендей сарыла тосқан кейіппен кірпігін қақпастан қадала емінетін жанары, айналып келіп ауылына да емес, қиялап барып қиянға қадалғыш. Көкжиекпен ұласып ба-

рып жоғалатын дария беттегі керуен жолының сұлбасы көріне қоймаса да әлдебір елеңдеушілік иектеп, сол жаққа тесіліп ұзақ қарайды.

Бұрынғыдай емес, жанардың да оты қайтайын деген. Қияндағы қарайғанды шалатын қырғилық қалған. Қарамайын десе көкжиекті бір шолмай көңілі құрғыр тыншымайды-ақ. Жанары удай ашып қоя бергенде барып кірпігін қағып, айналасына қарай ауып түседі де мүлгіп көзін жұмады.

Батырдың осы қалпын шұрқырай кісінеген жылқының дүсірі бұзды. Қашағанды ұстаймын деп әуреге түскен бір жігіт үйір жылқыны үркіте қуып барады. Қанша бажайлай қараса да түстеп тани алмай-ақ қойды. Басын шайқаған батыр: «Бәтшағар, қашағанды әбден қаталатып суат басына келтіріп ұстамас па, мына тапырағы несі?» – деп күбір етті.

Оң жақтағы беткейдегі ауыл қарасы селдіреп қарауытады.

Екі-үш күннен бері іргелері ашылып, қоңсылары азайып қалған еді.

Түтіндері созалаңдай тік көтеріліп, әр жерде от жанып жатыр.

Батырға төңірегі жалаңаштанып жападан-жалғыз қалғандай көрінді. Алпыс шақты ағайынның үйін көзіне ілмеді. Көңіліне олқы соқты. Кешкі апақ-сапақтағы ауылдың у-шуы да күндегідей емес бәсең, бытыраңқы.

Қотандасып отырған қалың елдің орны үңірейіп тұрғандай сезіледі. Осыдан он күн бұрын жайылымның сонысын жағалап, малдың шырайын шығармайтын дарияның көк масасынан қашып қырға қарай көтеріле көшіп еді. Әдетте мұндай кезде өзі бас болып атқа қонатын батыр бұл жолы бейжай қалып танытқан. Көңіліне жақпай қалып бір бұрқанса шаңдарын аспанға қағып, шаңырақтарын селкілдетіп жіберетін мінезіне қанық ел көшін бастаушы ер-азаматтары: «Тентіреген елдей айтпай кетті. Бұл қай көргенсіздігі?» демесін, алдынан өтейік», – деп жол кәдесін жасап жүгініп келгенде жайбарақат қана: «Бозшұбарым сәл ақсап тұр екен. Сұлыға оратып қойдым аяғын. Бір аптадан соң арттарыңнан жетермін, жүре беріңдер» – деп еді өзі. Қолына қамшы ұстаса Бозшұбардан басқаға аяқ артпайтын батырдың мұнысын түсінді де тосылды. Тек бірен-саран жанның жаны ашығансығаны ма, жоқ болмаса сынап көрейінші дегендей жорта күпсектеткені ме екен, әйтеуір айналсоқтай беріп: «Батыр, жалғыз қалған жесірдің дауы көп, жалғыз қалған ауылдың жауы көп деуші еді, уақыттың алағайы алаң әкеліп айтпа-

сыңа қоймайды екен де...» – деп күмілжіп барып, күмән қабақ күтіспен жауап тоса қарағандарға сексенге келсе де еті қашқан кең құшақ кеудесін шайқалта теңселтіп, қабағын қарс түйіп шоқтай қарып түсер шегір көзімен ата қараған. Жасын тартқандай кенеттен шарт ете қалатын батыр мінезінде мәлім барма – мынадан кейін ызғарынан қоғадай жапырылысып, қайыра ләмге келместен жылысып кете барысты.

Құрманай-құттықтардың зобалаңы көп заманның пәле-жаласынан аман-есен, тұз тағысындай тіміскілеп тісін ақситып жүрген жау талапайынан әзірге іргесі бүтін, көпті күнін қанағат тұтып, алдындағыға риза, бар несібенің берекесін тілеп өмір сүріп жатқандары осы Жанқожа батырдың арқасы еді. Сақалы аппақ болып, бұрыңғы еңгезердей денесі арыла түссе де отты қабақ, өр кеуде жанның айбары әлі де алыстағыны қаймықтырардай еді.

Жастайынан білек түрініп, беліне болат беренін байлап шиыршық атып, қаптай басынған қара дұшпан қасақы жауға шегірейіп қарсы шапқан жанның жойыт мінезін алғашында өжеттікке баларын әлде шақарлыққа саярын білмей үдірейіскен еді. Шашбауын көтере қоймай сабырға ұмсынған. Күлтеленген артын күтті, ұзамай жойқын бір ұрыста қайраты мен қаһарын шын таныды да, тәубеге келісті.

Имандай сеніп иланғанынан халық айнымақ емес. Қамын жеген жаннан қара халық ештеңесін аямайды, қолына қамшы, жолына құрбан болудан да тайынбайды. Соған құмбыл боп, пана тұтып, қасына қараша қосындарын тігіп, түтіндерін түтетіп, мал-жандарын күйттеп, өз беттерінше бел түйіп, білек қайырып, бір бөлектеніп өмір кешіп жатқан ауыл еді бұл. Осы тіршіліктерінің ырысына ықпана батырдың бүгін неғып тіл қатпай түйлігіп, оңашаланып отырғанына ой жеткізе алмады.

Осы сәтте төртпақ келген сары жігіт батыр жаққа жапақтай қарап, жападан-жалғыз білегіндегі арқаны шұбатылып ауылдан ұзап бара жатты. Бұл осы төңірекке аңшылығымен қадірі артқан Сауғабай болатын. Өзі сөзі аз, біртоға жан. Әке-шешеден ерте айырылып қайратымен күнелтіп жүрген жігіттің келім жұрты Қарақұм жақта, қалың жақайым іші. Сәметей деген шаруаның қызымен сөз байласып жүргенде ауқатты бай Салқынсары қалың беріп құда түседі де, бар үміттен қайыр болмаған соң қызды ұрын келер алдында алып қашады. Туыстары Салқынсары байдың қаһарынан қорқып «пәлең бізге тиеді,

аулақ кет» деп маңайларына жуытпаған соң жылыстап отырып батырдың ауылынан бір-ақ шыққан еді. Саяқ жігіттің сағын сындырмайын деп, күйесі жұғады-ау демей-ақ, кеуілі құласа қатты құлайтын батыр іргесінен үй тіктіріп паналатқан еді. Ізінен шыққан құғыншылар, батыр ауылына ат ойнақтатып келуге жүректері дауаламады ма, адам салып көрген болды. «Қызды зорлап алып қашқан болса обалы жоқ, ал өз еркімен артына мінгескен болса қазаққа оның несі айып?» – дегесін өңмендей алмады, қаймықты. «Қой, бұл шегіркөздің қынабының қаны кеппеген. Мұсылман демейді, кәпір демейді – қынабынан қылышын суыруға қолы қышып тұрады емес пе? Хиуаның ханы да, орыстың ақ патшасы да жуасыта алмаған ақкөз немеден аулақ жүргеніміз абырой... Құрсын... кейін бір қайымға келер, сонда көрерміз...» – десіп салдары суға кетіп кері қайтқан еді. Араға қыс түсіп, міне, көктем де келді, Сауғабай содан бері батыр шаңырағының оң босағасында кішкене қараша үйде тұрып жатыр.

Өзін батыр алдында мәңгілік қарыздар сезінеді, жақсылықтың өтеуін жақсылықпен қайырғысы келеді, көңіліне қарайды, қабағын бағады. Батырдың Бозтөбе басындағы ойға шомған отырысынан да әлдебір жұмбақ сыр іздегендей болады. Кеше кешкілік батыр мұның айналсоқтап жүргенін көріп: «Әлібек келгенше сен анау Бозшұбарды бақ, білуші ме едің түнге қарай ерттеп үй іргесінде ұстауды?» – деген. Оның батырдың Жан серігі – Бозшұбар атын бағып, кешке қарай ерттеп, есік босағасында ұстап күзетіп шығатынын да білетін. Батырдың мұнысына жігіт кейін келе қаныққан. Тоқым төсеніп, ер жастанған ерулі күндердің сүйекке сінді әдеті көрінеді. Есесі кетіп, егеулі найзасын қапыда шаншып, кегін қайтармақ болған талай дұшпаны бейқам деп баспалап келгенде бурадай ақырып ерттеулі атқа қарғып мініп дүрсе қоя берер жойыт қимылдан шошынып, сыйынған дауысы шаңқ етер, шалқақтөс шаптағай батырдың екпініне шыдамай, жынынан айрылған бақсыдай бүк түсіп домалап қала береді екен.

Батыр осылай сәйгүлігін көз алдында ұстау әдетінен айныған емес. Ат беліне күніне бір рет аяқ артпай көңілі және көншімейді. «Әуп, біссіміллә!» – деп атқа қонғанда күнұзаққа тіршіліктің күйбең ұсақ-түйегі ұмытылып, еңсесі көтеріліп сала беретін. Соның өзі шау тартқан көңілге шипа еді. Сондықтан да жүген сулығы сылдыраған Бозшұбарымен ақырын ғана лоқыл-

дай желіп, қыр жаққа қарай бір сейілдеп қайту Құдайдың құтты күнгі әдеті еді.

Бұл үрдіс бүгін бұзылды. Батырдың төбе басына шыққанына біраз уақыт өтті. Атының төңірегінде жүрген Сауғабайға қарап күндегідей әлі қолын сермеген жоқ.

Етектегі саздауыттың ұйысқан көк шөбінің ортасында құйрығын сабалап қойып, ер-тұрманы кешкі қызыл арайдың сөулесіне жарқ-жарқ етіп, ауыздығы алынулы жүгенін сілкілей, оттай шалып жүрген Бозшұбар тоқтай қалып, басын кілт көтеріп алып, төбе жаққа құлағын қайшылай қарады да, пысқырына мойнын созып, қайта шөпке бас қойды.

Одан әріректе үлкен ақ тақырда бір топ бала шуылдасып, әлденеге таласқандары байқалып қалып, қайта дуылдасып, асық ойнап, топай атысып жатыр.

Алыстағы қыр беткейден құлайтын қара жолдың үсті де жым-жырт еді.

Бір сәт кешкі қоңыр торғын кеугім ішінен қылаңытып бірдеңе қарайып көрінді де, бірте-бірте нобайлана түсті. Біраздан соң айқынданды – қос өркеші қайықтай тербеліп, жайылымнан қарны шерміп, сыздаған желіні шыдатпай емшегінен сүті тамшылап, ботасын іздеп боздап келе жатқан түйе боп шықты.

Қыр жақ қайта қаңырады.

Батыр ілгері еңсеріле иіліп, бәкісімен ұстай келген ақ таяғына бедер салып жонып отыр. Ақырын, асықпай бәкі ұшымен шекісіне қарағанда ісмер жанның қимылы байқалады. Бірақ батыр қолы ақ таяқты мәнерлей түскенімен зер-зердесі алыста – өмірінің осы уақытқа дейінгі өрім-өрім белестерін қайта шолып қалың ойға шомған күйде еді.

* * *

...Тірлік тәтті ғой, міне, соған пенде баласы тоймайды-ау. Бүгіннен ертеңі қызық көрінеді де тұрады екен. Өмірді қимайтыны да содан шығар. Ойлап отырса, жаспын деп желкілдеп жүрген күндері бұлаң етіп бір белдің астында қала барғанын байқамай да қалыпты. Енді міне, еңкіш тартып, кеудесінде ендік пайда болған. Бұл-дағы бөгде сезімнің белең ала бастағаны да. Осы ғұмырында өмірінің мәні өзіне мәлім, ал істеген ісі ізінде қалар, яки қалмас... Елі топырақ шашып түкіріп айтар-

дай жаманшылық та жасамаған сияқты өзіне. Бірақ, қайдам, мұны да ғайбаттап, басқан ізін баспалап, аңдып келе жатқандар да қарап қалмас. Қиянатты көрсе қаны қайнады, езгіні көргенде егеулі найзаны қолға алыпты. Қара басы үшін емес, қаумалаған қара қауым жұрты үшін білек сыбанып буынып шықты емес пе? Бақса, жас кезінен жауымен жағаласып келеді екен. Қойын бағып, қоңыр тірлігін түтіндетіп отырған ауыл үшін анталаған жау да мұнша көп болар ма?! Есінде, есінде... Хиуаның ханы Мұхамед Рахым шеңгелін Сырдың төменгі сағасына қарай салғанда мұның отыздағы орда бұзар кезі. Арынғазы сұлтанның қарамағындағы осы төңіректегі ауылдар қарсыласып-ақ баққан. Бірақ жалаң қылышты ғаскері көп хан қаптай шауып, қатын, бала-шаға демей қырып, алдарына сап айдап әкетіп жатқанда жан шыдады ма?! Ешкімнің қол астында сойыл сүйретіп, шаңын жалғап жүруді құлқы қаламайтын бұған өз ауылына қарай төніп келе жатқан қатердің қара бұлты аза бойын түршіктірген. Сауыт киініп, сәйгүлігін таң асырып қатырып, өлсек жастығымызды ала жығылайық деп, соңына жұртының еркек кіндігін ертіп өре көтерілген. Сонда ауылы шабылып, азаматынан айырылып, опынып отырған Арынғазы сұлтанға келіп:

– Хан тұқымы сұлтан деп сағалап келіп отырғаным жоқ, тоз-тоз боп тырағай кешіп, сай-сайға өріп кеткен елдің етек-жеңін қайырып, тұқым-тұяғымызды бесігімізден қырқып, басынған жаудың едірең ойқасына ел болып түйіліп, жұмылған жұдырық болайыққа бәтуа айтпағым, – деген.

Қара көбейтіп күпілдескеннен басқа қайыры жоқ жанына ергендердің ешқайсысынан естімеген еңсе тіктер есті сөз болғасын ба екен, елге демеу тілеп дегбірі қашқан көңілдің дітіндей көріп ширығып сала бергені ме, жанындағы жыбырлап сөйлеп отырған молданы ыммен тоқтатып, ықылас білдіре ілгері лықси еңкейген Арынғазы сұлтан:

– Бойыңдағы бес қаруың түгел өзіндікі екенін көріп тұрмын, ал сөзің кімдікі? – деді бірден ақжарыла қоймайтын сақ әдетімен. – Найзасын шоштандатып, білегін сыбанғандар көп. Бірақ қайрақ тастай тас түйін кесім сөзге құлақ зар. Ақжарылып айт, батырым!

Батыр оның көмейін бүлкілдеткен сауалды түсінді. Ду-дүмен жалбағай шекпенді желпілдетіп келіп отырсың ба, жоқ әлде есең кетіп елің шабылды, Мұхамед Рахымның найзасы түндігіңді шаншып, жұртыңның кіндігіне қанжарын қадады, енді қайт-

пексіңмен келіп отырсың-ау деп сес көрсеткендегісі. Керіп қалған көкірек иілуге дес бермей, иінін тік ұстап баққандағысы. Хиуалықтардың бір түнде үдере келіп, қалың қолмен сұлтан қонысын талқандып, қыруар адамын тұтқындап типыл етіп кеткені баршаға мәлім-ді. Сұлтанның өзі аз қолмен әрең аман қалып, енді күш жиып жатқан жайы бар еді. Сөйтсе де мына құрманайдың батыры мүсәпірсіп келіп отыр ма, жоқ намысы жанып есесі кеткен ердің қыжылымен егеулі найзасын толғап жеткені ме – біле алмай сынап қарағанын батыр түсінді.

– Тұмсығынан қақпаған ит сұғанақ келеді, сұлтан. Ондай жалампаз сұғанақты енді қайтып келместей ететін қара ошақтың көсеуі емес пе еді? Дарияны бойлап, ала шапаны делеңдеп көк теңізге дейін сұғынып бара жатқан Хиуаның сұғанақ ғаскеріне сұқ болар көсеуге айналсақ арманымыз жоқ деп бекінген халіміз бар. Айдалып кеткен қарындастың көз жасы, зарлап қалған ананың зары, бала-шағаның бет-бетімен боздай жылаған дауысы кеудесінде жаны бардың басына кектің қыжылын әкелді, қарсы шаппаса барып тығылар жердің қалмағанын біліп: «Уа, аруақ! Қолдай көр өзің!» – деп қотарыла көтерілді қалың ел. Туған жердің жолында торқадан тіккен зерлі тон да, шуда жүннен ширатып тоқыған желбегей шекпен де алақозденіп жатпаса керек. Бөркіміз бен тымағымыз бөлек болғанымен жеріміз бір емес пе? Бір жағадан ат суарып жүрген бұлағымыз бір емес пе? Одан әріге уәжбен толғасақ, ат тұяғын тай басып тұяғымыз бір емес пе? – деді батыр сөзінің соңын кілт қайырып. Айтпағы көп еді, айныды. Ұзақ сөйлесе ойының дәмі кетердей іркіле беретін әдеті. Көсемсігеннен тоқ етерін айтқанды мақұл көреді.

– Бұл қазақта батыр көп. Солардың көбінікі – ақылын ардың күрдің қара күштің дүлейіне алдырған алды-арты жоқ ақкөз батырлық. Бабаларымыздың бағына айналған күш-қайраттың күні өтіп бара жатқанын ешқайсысының көкірегі сезбейді де. Орыстың мылтығы жебенің оғынан озды ғой. Білектің күшін біраз байқап та көрдік, бірақ, әттең, батыр көп болса да бауырымыз жазылып шаба алар халден қалып барамыз. Соны сездің бе, батырым? – деді Арынғазы сұлтан бұл күтпеген тосын жақтан сөз бұйдасын жетектеп әкеліп.

Қазақтың маңдайына біткен қасиетіне – ат бауырында ойнап, жебесімен жарысқан ер мінезіне, соның ішінде елдің мақтаны боп мерейін тасытар жалаңтөс батырлығына күмән тастауы

көңіліне кірбің әкелді. Ду еткен ашу күнсінді жағының етінде бұлтың етіп ойнады да, отты көздің қарашығында ұшқын шашып, қабағы түксие қалды.

– Атам қазақтың ана сүтімен өсіп атқа мінген еркек кіндігінің ерен қайратына сенбегеніңіз күпірлік, сұлтан. Хиуа ханынан қорықпасаңыз да көктегі Құдайдан қорқыңыз, – деп үй ішіндегілер кейпіне жағалай қарап жүзін бұрды.

Арынғазы сұлтан мырс етті. Батыр біткеннің шамшыл келетінін білетін болар, сірә. Өстіп ызаландырып алып торынан шығарып қоя берер әдеті ме екен?! Әйтеуір қозғалақтап, көзінің құйрығымен сығырая қарап үнсіз іркілді. Отырғандар сұлтанның өнтек жымиғанын да байқап қалды. Сұлтан болса сол қалпы селдір мұртын бір сипап алып:

– Жасың нешеде, батырым? – деп сұрады бейне бір осы сауалынан айызы қанып отырғандай жайдарылана түсіп.

Астарлы сауалға жөпелдемеде не дерін білмей қалғандай болып батыр сәл аңырды. Қарасында бұл қай қылығы дегендей сыңай да бар. Қартайып отырмағанымды көре тұра көпе-көрінеу сұрағаны, иә иі босап көңілінің ауғаны, иә тәлкек қылғысы келгені.

Өз ойын өбектеп үздіктетпей төтесінен айтып тура қарау әдетінен бұл жолы да айнымады.

– Жасымды сұрағаныңызға қарағанда ұзатқалы отырған сұлуыңыз бар-ау, сұлтан. Әлі талай қатын қайтарар шамам бар, күдік алмай қолқаңызды ашық айтсаңыз да мейліңіз, – деді де, қақпақтай жауырынын ту сыртындағы көк кебежеге тіреп кеудесін кере тыныстады.

Түрпідей естілгендей көрініп түрлері тұнжырай қалғандар шамына тие сөйлеген батырға сұлтанның зауалын күтіп іштей тына қалған сыңайлы еді. Бірақ сұлтан оқыс мінез көрсетті. Батыр сөзіне ашуланбақ тұрмақ кеңкілдеп күліп жіберді.

– Намысыңмен қоса шабысың бар екен, батырым. Өзіңдей жандармен жауға шапқанның жағасы жыртылмас, қанаты қырқылмас. Жонымды көрсетсем де жолыңнан таймадың, жасыңды да лақ еткізбедің, ұзақ жасарсың, батырым! – деді ақтарыла, дауысы шамырқана, серпіндей шығып, әлгіндегі күлкі ойнаған жүзі қайтадан қаракүрең түске еніп.

Мәжіліс барысынан байқады. Сұлтан жол қамында екен. Сонысын ортаға тастап өзгеден кеңес күтетіндей кейіппен асықпай сөйлей берді.

– Басынған жау білгенін істейді. Алыссақ – ардың қыжылы. Шабыссақ – шыбын жанның шыр-пыры. Үй-орманыңды өртке шалдырмай, ата-баба бейітін қорлатпай қорғасақ – қасиетті парызымыз ол-дағы. Күші басым жаудың барған сайын иектеп, көк теңізге қарай тықсырып бара жатқанына бір күн шыдармыз, екі күн шыдармыз, үшінші күні найзамыз мұқалып, сауытымыз сөгіліп, селдіреп барып сұласақ – сонда туар зұлмат күн. Келе қалған екенсің, батырым, бұл сөзімнің мәнісіне құлақ сала тыңда да түйінін зердеңе ұста. Ендігі ойдың амалы айтады маған, көршіңнің қолқасына көңіліңді аудар, көкейін аула дейді. Арқамызда жатқан ақ патшаның елі жер-жаһандағы қуатты, құзырлы орда. Хиуа ханы оның да бітіспес жауы, өліспей беріспейтін дұшпандары. Елшілері арқылы келіп қайтуымды, сөз байласып бөтуаласуымды қалайды екен. Ақ патшаның ғаскері қолтығымыздан демесе Хиуаның зекетшілерін жүндей түтіп дарияның толқынына тоғытпаймыз ба? Сонда көреміз олардың қоқан-лоқысын, Құдай қаласа ол күн де ұзамас. Жолға бірге жүрер нөкерлерімнің басынан өзіңді көрсем, батырым, оны қалай көресің? – деп сұлтан енді іштарта күлуінің ішкі сырын аңғартып та үлгерді.

Кеу-кеулеген қоштаулар көп еді. Оң сапар тілеп сұлтан шешімін құп тапқан кеңесшілері, қосшылары, ақылшылары жамырай дуылдасты. Ақ патша осылардың мұның жоқтап, зарын қоштап отырғандай-ақ жапырыла бас изесіп, құнжыңдасқандары қызық көрінді батырға. «Ойланайын, қабырғаммен кеңесейін», – деп жауабын ірікті. Бірер күн пұрсат сұрады. Қабыл алса, жолдан – керуен жолдың Сарбұлақты жанай өтер қайраң өткелінде кездеспек болып атына қонды.

Батыр көбіне қасына ерген сарбаздарымен ақылдасатын еді. Көп ішінен көкейге қонар ақыл сөз жарқ ете қалатыны бар. Жасырған ойдың жаңсағы көп болады. Ашық айтқанның аласы айқын, астары ашық келеді. Сол дағдымен батыр бар естігенін жайып салып:

– Ал енді сендерді тыңдадым. Не ұқтыңдар, нені сездіңдер? – деген сонда сөз бұйдасын серіктеріне ұстатқандай болып.

Әбден алаң көңілдің абыржуын кешіп, толғаған ойы тығырыққа тірелгенде болмаса батыр әншейінде алқа-қотан отырыстан ақыл сұрай бермейтін еді. Мынасы құрдасы Құрымбайды да, атқосшысы, жас жігіт Жәукені де, жауға қатар шабатын апайтөс, кірме Қарашты да елең еткізді. Сұлтан ордасынан қайтқа-

лы бері әрі-сәрі еткен жайдың ұштығын естіп жүрсе де дәп өздерінен сұрар деп ойламағандары рас. Құлақ естігенді – көңіл жазбай танымақ. Батырдың қабағы сауалды шынымен айтқанын аңғартып, асықпай ақсағақ, қалақ домбырасын шертіп отырған. Батырдың тартатын бір-ақ күйі бар еді. Өз көңілінің шертпесі. Қоңырлатып үнемі соны қағысынан жаңылмай шертіп тартады.

– Батыреке, сұлтан барса сиынып сұрары бар. Билігімді күшейтіп, белімді бекемдесем, құзырымды күшейтсем деген құлқын ғой әкетіп бара жатқан, – деп Құрымбай құрғақ жөтеліп, кідіріп қалды да, сөзін сараптап алғандай көзінің аласын ойната аударып-төңкере төңірегіне қаранып алды, – сізге келер не бар ол жақтан? Алыс жолдың арбайы мен борбайы болады, жетуінен қайтуы қиын болып жүрмегей де...

Бұл күдік кейіндеу отырған Қараштың аузына сөз салғандай болды.

– Құдайдың өзі бермеген хандықты ақ патша береді дей ме екен бұл сұлтан? – деп қойып қалды өзінің дүң етпе әдетімен.

Батыр үнсіз. Қоңыр әуен қос пернеден ақырын күмбір салады. Біресе жіңішкеріп сызылып кетеді. Айтыңдар, тыңдап отырмын дегендей ойлы қабақ ұшы қимылсыз. Кірпігін қақпай тіке қарайды.

– Осы бар ғой, сұлтанның сапарына көңілім қарсы. Секем алып суық бір жаман ойлар келе береді. Ол жақта жекжат-жұрағатың күтіп отырған жоқ қой, соны да ойламағаны ма? – деп күмәнді қабақ танытқан Жәуке болды. – Батыр, ат тұяғын аздырып қайтесіз? Сұлтанға қолдаушы керек болса, халқыңа қамқор қорғаушы керек!

– Е-е, жөн сөз, – деп бұған Құрымбай құлай кетті. – Анталап жүргені анау әлгі Хиуа қандыбалақтарының. Сіз жоқта еліңіз тоз-тоз боп торғайдай безіп кетпей ме? Елдің обалына қалмаңыз өйтіп, батыр...

– Сұлтансыз-ақ алысып келмеп пе ек, сұлтанның арманы – сары ала шатыр, сары ту. Ата-баба жолымен билікке таласады. Біз болсақ жерімізді, ата қонысымызды қорғау жолында жүрміз. Айырмасы жер мен көктей бұл екеуінің.

– Біздің ақылды алсаңыз осы. Алыс жолдың азабы мен сұсынан шайлығып гөйітіп отыр деп ойламаңыз. Көңілдің сөзі, оны бүгіп қалу күнә.

– Сіз бастаған жолдан ат басын бұрған кезіміз болды ма, батыр? Бұл сапарға сезікпен қарағанымыз пендешілік те шығар...

Бірақ түрт шайтаным түйлігіп, төмен тартып толғанып, айнып отырғаны көміл шындық. Соны дұрыс түсінсеңіз болғаны, – деп Құрымбай насыбайын алып алақанына сілки бастады.

Қоңырлатқан домбыра кілт тына қалды. Бипаз желген, бір қайырмадан аспайтын қос ішектің сыңары шың етіп барып үзілді. Батырдың қабағы сілкінген қанаттай серпілді де, жанарына жұмсақ жымыс ұялады.

– Айтқандарыңа иландым, иншалла, сол қабыл болсын! – деді қос алақанымен бетін сипап. Мұнысы сонымен сөз бітті дегендегісі еді.

Ертеңіне уәделі жерге Жәукені жіберді. Сұлтанға айтқан сәлемі «Елім рұқсат бермеді...» болды. Артық сөз қоспады. Ақталған да жоқ. Сылтау да айтпады. Түсінсең осы, түсінбесең өзін біл жатты оның астарында.

Бұл 1822 жылдың жазы еді. Ресейді бетке алып бара жатқан, жанына ерткен жүз нөкерінің басында батырдың болмағанына өкінгендей кейісті қабақ түйіп: «Қап-ай. Өзім де алаң көңілденіп бара жатыр едім, батырдың келмегені қиын болды-ау», – деп қатты қиналыпты дейді. Сосын тағы да: «Мейлі, батыр дұрыс жасаған екен. Сірә, ұзақ жасар, елінің айтқанынан шықпағанына қарағанда», – деген көрінеді. «Ойпыр-ай, соны айтқанда сұлтан қатты тебіренді,» – деп келген Жәукенің әңгімесін үнсіз ұйып тыңдаған.

«Япыр-ай, ә, – деген ішінен, – қатты ренжіген екен ғой... Жә, бұл сұлтандардың көңілінен шықпасаң кергі сөйлеп, қисая қалатын әдеттері емес пе? Қараша үйін қорғанындай көріп, қарақұрымның шуылына семірген батырдың нөкерлікке ермей, атқосшысын жібергені қай астамшылығы деп бір бұлқынды-ау тегі? Қарақан басының қарекетімен жүрмей, елімнің жаппар иесі болып ер жастанып жүргендегі жүрек қалауымның жан рахаты – ешкімнің етегін сүзбей, өз құқым өзімде, кіріптар болмай кеудемді кере тірлік кешкен осынау қалпыма не жетсін?! Бұл өмірде жолымыз бірге жаралмаған болса оған ренжитін орның жоқ, сұлтан...» деп көңіліне келген кіді сезімді жуып-шайғандай болды.

Жазмыш деген. Сұлтан сол кеткеннен оралмады. Ақ патша сарайында оны ұзақ күтіп, қонақ етті. Әлде сән-салтанат сұлтан есін алып, елін, жерін ұмыттырды ма екен?

Батыр әр түрлі ойға бататын. Еліндегі тіршілік күннен-күнге сапырылысып, белден алдаспан, қолдан найза түспеді. Ер жас-

танып, тоқым төсеніп, үміт пен күдіктің түні мен күнін кешті. Жау тізесін батырып, біржола бекінбек ниетпен жанталасты. Бұлар да түн тыныштығын дүбірлетіп, жау қосындарын қасқырдай аңдыды. Қапияда бас салып қанға бөктірген кездері аз болған жоқ. Ашық соғыстан айни бастаған хиуалықтар қайткенде табан тіремек боп – Сыр бойына сағалатып бекініс қалауға кірісті. Қожанияз, Жаңақала қорғаны балшықтан тұрғызылса да бас сауғалуға жарады. Аз ғана жасақпен өздерін-өздері күзетіп, ұшы қиырсыз далаға мұнара басынан көз салумен күнді батырып, таңды атырды. Бір жолы көп ғаскер қорғандардан шығып батырмен бетпе-бет келген. Халқы қолдады – жусатып салғандары. Жаудың беті қайтты. Батыр қарамағындағы ауылдарға Хиуа зекетшілері жоламай-ақ қойды. Шапқыншылық та тыйылайын деді. Осылай алыс-жұлыспен, арбасумен талай жыл өтіпті.

Бесіктегі бала қазір зіңгіттей жігіт, сарбаз болуға жарап қалғанын көріп батырды не түрлі сезім билеп отыр. Өзінің де үстінен торқа сауыты түспей жер ортасынан асқанына өкінгендей. Жалпақ далада қанша айбарлы болғанымен қанатын демейтін серік көрмей, күшінің де қайтып бара жатқанын сезінген сайын біртүрлі ойы суалған көлдей ортайып жалғызсырайтындай.

Бұл күйімен елінің бағы не болмақ? Кімнің шылауына оратылып, алда не күтеді бұл момындарды? Бетке шығар деген қазақтың қаймақтарының жүрісі анау: бірі – түлкі, бірі – қасқыр, бірі – қабылан. Хиуа ханы қазаққа хан қоям десе сол бірін-бірі талап жеп жұлмалап жатыр. Бірін-бірі шабады, бірін-бірі қабады. Ортада шырқырап, ошағының күлі бұрқырайтын сорлы халық қана. Жаумен қашанғы қорғана соғысып күн кешеді? Ғұмыр – мәңгілік емес, бір күні бұның да дәмі таусылар. Сонда мынау мал қайырған, жан өсірген елдің есесін берместей тағы бір адал жүрек шығар ма екен? Шықса да жалғыздың аты ұзаққа шаба ма?

Асан баба айтпап па еді: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтып күн көрер. Аяғы жоқ, қолы жоқ, Жылан қайтып күн көрер?!» – деп. Қолдаспасаң, қайғы бұлтын қайтып ыдыратпақсың? Дүние шексіз кең-ау, бір-ақ ниетке, пейілге келгенде бұл дүние неғып тарлық жасайды? Жұмыр басты пендеге сонша ашқарақтанып, бірін-бірі бауыздайтындай не жетпейді? Түймедей көздің осыншалық тойымсыздығы қайда барып, қайда тоқ-

тамақ? Жоқ, әлде ұрпақтан-ұрпаққа осылай жалғасып, жаға жыртысып кете бара ма? Неге? Көзін ашқалы жаугершілік, суыт жорық, саптағай тіршілік... Сақсыры толған қаны қит етсе басына шауып шыға келеді. Қылшанын сары жүз оққа толтырып, саққұлақ боп сарылып бітті емес пе? Көз жұмғанша көрері осы ма сонда?

* * *

Батыр кеңесіп отырған ойын кілт үзді. Қызарып алаулай түскен күннің шабағына малынған беткейдегі шұрқырай кісінеген жылқылардың үні кешкі ауада қалқып тұрып қалғандай естіледі. Адам жанын сергітіп жіберетін бір күш бар-ау текті жануардың кісінесінде.

Төбе басындағы оңашалыққа, екі иығынан басқан қайдағы-жайдағы ойларға бөлейтін қоңыр кештің енді шырқы бұзылғандай, орнынан түрегеліп қолын бұлғады.

Қимылын қалт жібермей бағулы Сауғабай алыстан айтпай түсініп, тұрқы ұзын, құлан мойын, қамыс құлақ, бадана көз Бозшұбарды жүргенде жылт-жылт ететін құйрық-жалын төгілтіп, жетелеп алып келді.

Томағасы сыпырылысымен дүр сілкінген қырандай шекпенін қос шынтағымен сілкіп жіберген батыр «әуп!» деп әдді қимылымен ерге еркін қонды. Сауғабайдың қолынан шылбырды алып, шекпенін қайта жамылды да сөл тебініп қалып жүріп кетті.

Ат үстінен дүние кеңіп, жанданып көрінді. Төңіректің төбешіктері аласарып, ой қажытқан көңілдің желігі тірілді. Ерге қонса болды – тұла бойы ширап сала береді. Ұйып тұрған буындары бырт-бырт үзіліп, білегіне күш бітеді. Жанарына ұшқын ұялайды. Жылқының иісі кең сарайын аша түседі. Өстіп қыдырыстау күндегі әдеті. Өле-өлгенше қоя алмаспын деп ойлайды.

Жаңбыр суынан толған кішкене көлшік жағасына таянғанда көк пішеннің иісі бұрқырады. Құрқылдаған бақалар ат тұяғының дауысынан шошып бір сәтке тына қалысты да, қайтадан әндете жөнелісті. Суы қайта бастаған тайыздау жерлерінің батпағы ұйықтанып, шіріген сасық иіс мұрынды қапты. Астындағы атына дейін иістен басын ала қашқандай. Басын кегжеңдетіп, шылбырды сілкіп-сілкіп қалды.

Азған жерден жануар да аулақ жүргісі келеді-ау. Көктемеде суы көлкілдеп, көк құрақтан көрінбей жататын еді. Сарқыла келе

жиегі ақтаңдақтанып, соры бетіне шығыпты. Шөбі сарғайып, семіп, күйік тартып бүрісіп қалған. Енді ит-құс та жоламайды.

Тіршіліктің де солайын десе кесепаты аз емес. Пенде де солай. Зауал туар күнін білмей әйтеуір тырбаңдап жүре береді. Көзі жұмылғанша қызығына тоймай, үмітінен көз жазбай ұмтылумен өтетін ғұмырына аяқ астынан тап келер ажалдың өзінен өлі алыста жүргендей сезініп, тәубесін ұмытатынын қайтерсің?! Бірақ тағдыр жазмышы сенің жарық дүниеге құштарлығыңды, іңкәрлігіңді ескеріп елеп жата ма? Желдің бірде оңынан соқса, бірде соңынан соғары қандай даусыз болса, тырбаңдап жүргендегі бейнетіңнің бекеті де, жетіп жығылар бозтөбесі де бары кәміл. Сенің боларыңды біліп, барар жеріңді сезіп отыратын көктегі жалғыз Құдай тағала болмаса басқа кім білген?.. Мынау боз даланың ию-қию қайшыласып, ұшы-қиыры жоқ жолдарындай адам баласының соқпағы да жұмбақ жымға ұласып жатыр емес пе? Осы жолдардың қай жағынан қандай үннің шығарына құлақ тостырып, көз ұшынан көрінер шаңына қадалтып қойған бұл тірліктің бөкен бұлкегінің бір күні тыйыларын біле тұра тірі жан тірлігін жасаудан қайтпақ емес-ау...

Аяндап келе жатқан аты құлағын қайшылады. Батыр ойдан бойын ажыратып, тізгінін сәл мытыңқырай уыстап, тартып ала қойды.

Құйрық-жалы желбіреп қыр басына бір аттылы шыға келді. Көсіліп жатқан қырдың үстінің ақ татырымен ағыза шапқан суыткердің астындағы аты да, адамы да қап-қара боп қарауытып көз арбады. Созыла түскен қырдың тегісі қамшы жақ бүйірден кеп қапталдасар биік жотаның етегіне ілінер тұста қара жолдың еңісті қайқаңы бар еді. Аттылы соған жеткен кезде дөңкиген жотаның күңгірт көлеңкесімен астасып, лезде көрінбей кетті. Бермен қарай жусандықтың арасымен салған сүрлеудің аппақ ұндай шаңын бұрқ-бұрқ көтеріп шауып келе жатқан ат тұяғының дүсірі ғана күшейіп, жақындап келе жатқанын аңғартты.

Батырдың сәйгүлігі делебесі қозғандай тыпыршып, тұяғымен жер тарпи, ошақтай орында шыр айнала берді. Иесінің темірдей қолы ғана тізгінін жібермей мысын құртқандай, ауыздығын қаршылдатып, біресе бір бүйірлей жортақтап, біресе басын шұлғи алға ұмтылып құлағын қайшылай берді.

Бірақ атының мінезіне назар аудара қойған батыр жоқ. Алыстан қылаңытқан аттыға қарап қалған. Бағдарлап танып та тұр.

Қапыда қалмас үшін алыс пен жақынның жолын торуылдап, аңысын байқастап жүретін күзетші қосындарының шапқыншысы. Бірдеңе болып қалған ғой, әйтпесе екі кештің арасында ебілдетіп шаппаса керек еді. Бүгін көңілі көбең тартумен болып еді. Түс әлетінде салған құмалағы да: «Алаң бар айналаңда. Бір хабаршы келе жатыр. Әні-міні ұзамай жетіп те қалар» – деген тұспал жайып, жұп-жұп боп түйіліп, тоғытылып түскенінен секем алып еді. Өзі осы бір қырық бір құмалақтың жұмбағына Құдайдай сенеді. Әкесі құмалаққа қарап отырып біреу құлағына сыбырлап отырғандай сайрайтын келіп. Сонысы кейде шынға айналып, айтқаны келгенде төгіліп жататын қырық бір құмалақта сиқырлы құдірет жатқандай көрінуші еді. Келе-келе әр құмалақтың түсуіне қарап сөйлеуді бұл да біліп алды. Сезімтал сана өзі-ақ жорамалдан көп нәрсені түйіп, әрмен қарай дамытып әкетеді екен. Бүгін де сондай сезімде отырып жайғаны алдамапты. Мына келе жатқан жаушыны енді қайдан көрдім деп тұрған жоқ. Бәсе, күтіп ем-ау деген оймен тоқтап, сабырмен қарап, жанына жақындап келгенше атының басын тежеп ұстады.

Жаушы хабарының естігенше екі дай сезімге бөлеп, ойынды ұйқы-тұйқы етер, кеудеге қадалған тікендей тұла бойды тітіркентіп әкетер ызғары барын біледі. Бірақ үркіп үдіреймейді, ондайды өмір бойы бастан кешіп келе жатыр. Қазір қартайған шағында бір күннен бір күн тым қысқа, тым тәтті бола түскен уақта айтпай келер ажалының да жақын қалғанын аңдатар соқыр сезім оқта-текте селт еткізіп ойға оралатын болып жүр. «Ажалым кәріліктен емес, жаудан болады», – деп күтінген бір үркек сезім санасынан шықпай қойды. Іштей соған иланған көңіл қитығын райынан қайтару оңай емес. Әр таңы алаңмен атып, елеңмен бататыны да содан. Кәріліктің секемшілдігі болар деп те ойлайды. Бірақ жымысқы бір ойдың қытықтауы жиі. «Ажалың жау қолынан... жау қолынан...» деп сыбыр салады да тұрады. Жүгінері – жүрегі, сиынары – санасы. Күтумен, сиынуымен, өмір кешіп жатыр.

Әлігі көрінбей кетті.

Бозшұбар тыншыды.

Батыр белін босатты. Сабыры суыды. Елеңі бәсейді. «Бәтшағар, жаушы дегені атын жуасытып жүрген қоңсыластың желөкпе жігіті екен...»

Сол кеш бәрібір батыр алаң көңілден арыла алмады. Таңға дейін кірпігі ілінбей қойды.

* * *

Тірліктің етегін түріп ашып таң да атты. Кәрі көңіл сергігендей болғанмен қалмай қойған батпаң ой бауырын жазып қайта қамады.

Қилы-қилы күндердің қанатында, алқын-жұлқын жылдардың бауырында кеткен өмірдің ащысы мен тұщысын, қызығы мен шыжығын, қайғысы мен қуанышын бастан өткерген жанның ұзап барып артына қайырылып қарар жолаушыдай бір мезет оқыс үдірейіп үнсіз қалар сәтінде жүрек лүпілін түсініп тыңдаған кім бар? Өзегінді талдырмай өмірге сүйрелеп жүрген оны өзіңнен басқа кім түсінеді?

Біресе еңсеңді басып, біресе кеудеңді керіп, кәрі көңілдің қатпарларын қуалап шымырлатып, қайдағы мен жайдағыны тірілткен ой қуғыны кенеттен жанарға от беріп, тамырға қуат беріп қунақ сезімге бөлер сәттің суынуы мен қызынуы да тез. Міне, осынау шақта қалақтай домбыраны бауырына басып, тамырлары адырайған сүйекті саусақтар қос ішекті сипалап шерткен қоңыр әуенге ұйып отырған кәрі батырдың қасы селдіреп, ақшулан тартқан қабағы қомданған қыранның сілкінгеніндей бір түйіліп, бір жазылып, бұлтты күндей құбыла түсер еді.

Өзі ғана білетін қоңыр әуеннің ырғағына ілесіп, өкініштің қыжылы ма, өмірінің ақшамына жақын қалғанын сезініп ақ ұрғандай болған ызасы ма, тербеліп отырып толқыған күй кешеді.

Батырдан соңғы кездері ұйқы қашқан. Кәрі жүректің демеуі — осы қалақтай домбыраның шанағынан шығар қоңыр әуен. Қоңыр әуен қаңқылдай қоштасып қайтып бара жатқан қоңыр қаздар сияқты. Әлденеден үркіп ұшқандай. Тыңқылдаған ырғақтың өне бойынан біресе қаңқылдай ұшқан қанат суылы естіліп, енді біресе жүрек қылындай жіңішке ішек дірілдеп, шертпеленіп секем алған қауіп елеңін үстелетіп бебеулей жөнеледі. Қос ішекте жал-құйрығы сүзіле шапқан жануардың кісінеген дауысы, тұяғының дүсірі қылаң беріп, алыстап барып басылғандай баяулап барып, былпып қоңыр әуенге қайта түседі.

Осы қоңыр әуенге ұйып отырып ой емеді, ақыл тербейді.

«Жүзі майырылған қылышты қайта шаппас болар. Беті қайтқан жанның беттей қоюы екіталай...»

Дұшпаны да, досы да осылай пішіп, осылай ой түйіп үнсіз қалғандарын да біледі. Пенде болған соң бәрі де сыйымды. Алладан күдіретті кім бар дейсің?! Алланың мұның жанын алуға жақындап қалғаны да рас болар. Күркіреген дауысы да бұрын-

ғыдай емес, қарлығы пайда болған. Айбары басылмағанмен азуы мұқалған. Жұлқынған қуат кеміді. Сүйекті семдіре бастаған сексеннің суыған қаны буынға түскен.

Соңғы кездері ұйқысы қашып, ұйығыш боп алған тізесінің сырқырағанынан гөрі осынау секемшіл алаң ойлар ешкімге иіліп көрмеген төкаппар көңілін тілшелеп шабақтай сыздатады. Айтқышсынған ақылгөйлер бар, адал көңілді аз. Ұй артында жатақтардың жымысқы табандарының дыбысын білдірмей жорғалап жүргендерін де біледі. Мынау сырғып-сырғып кеп қонған Бозтөбенің етегінде отырған ауылының бөрі тиіп, зөре-зап болған қотандағы қойлардай ұйлығысқан түрінде жалтақ болған жасқаныс пен елегзи елеңдеушілік басым сияқты. Белсенділер көп, бірақ батыр біреу-ақ. Жазмыштың жалқысы. Бар салмақ та содан жалғыз өзіне түсетіндей. Қылша мойны талша. Ақырғы демі таусылғанша елінің аманаты мен бақуат бүтіндігі мойында болмақ. Бірақ уақыт шіркіннің шеңгелі сығып бара жатқандай-ау...

Кейде әзәзіл ой айтақтап: «Қой енді кекіреюді. Жаздым, жаңылдым» деп қолыңды қусырып губернаторға бар. Қартайғанда жаның тыныш тауып ұйқың тыныш болсын», – деп сыбыр салады құлағының түбінен. Анау сұлтандардың тобына барып қайта қосылсаң да кеш емес. Кәрі сүйегінді сырқыратып шалқая берме. Сабаңа түс», – деген ой бір жағынан дігірлейді.

Әйтсе де «Тәйт!» деп қисық ойды қамшымен тартқандай қиып түсетін жан түкпірінде әркез ояу бір иесі бар. Мұндай пиғылдан селт етіп шошына тітіркенеді. Құдайына күпірлік жасағандай сыры ашылып, көңілі жалаңаштанып қалған жанша жалма-жан жан-жағына қаранып теңселіп кетеді. Сондағы атойлап шыға беретін ішкі ашуы екі қолтығынан демеп, иі түскен ойларының шаңын қағып, сілкіп-сілкіп жіберетініне де шүкір. «Тәубе, соныңа да тәубе», – дейді илана қайталап.

Ет арыды, сүйек сарғайды. Бірақ ар мен намыс баяғыша сілкінеді. Елді иманға үйірген қазірет, елді еркіндікке бастаған батыр екені есіне түседі. Ширығады. Сұрқай шаңды көтеріп, даланы сатырлата күңіреткен сұрапыл шабыстың дүбірі құлағын оятады. Иә, енді несі бар одан басқа ойға алатын?

Батыр күрсінді. Сырттан абыр-дабыр дауыс естіліп, үйге қарай жақындай берді. Түс ауып, көлеңкенің есік бетке сырғанаған шағы еді. Қапсырма есік ашылып, күннің сәулесі әлсіреп көрінді. Ішке ентігіп, жүзін өрт шалып кіріп келген Сауғабай қисайып жатқан батырдың басын көтеруін күтіп, тосылды.